

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-11

**ҚР МАМ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ
МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ
ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**Алматы
2026 ж.**

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-11

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «27» ақпан 2026 жыл № 8 хаттама № 2 редакция
- 3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ** 30.11.2023 жылғы №1 редакция орнына
- 4. ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-11


Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Белгілер мен қысқартулар	5
3	Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру	5
4	Магистранттың жеке жоспары	6
5	Процесті ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау	8
6	Қорытынды	9

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-11

«БЕКІТІЛДІ»

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
«27» ақпан 2026 жыл
№ 8 хаттама
Ғылыми кеңес төрағасы
А. Жудебаев



1 Жалпы ережелер

1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Магистранттардың ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы Ережесі (ары қарай – Ереже) Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) магистранттарының ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмысының процесін басқару мақсатында әзірленді.
2. Ереженің талаптары магистранттарды даярлау жүзеге асырылатын Академия магистратурасының білім беру бағдарламаларына қолданылады.
3. Құжат магистранттардың ғылыми-зерттеу және жобалау қызметінің сапасын қамтамасыз ету, Академияның ғылыми жетекшілерінің, кафедралары мен құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында әзірленді.
4. Ережені жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру процесіне қатысатын, осы Ереженің орындалуына, үйлестірілуіне және орындалуын бақылауға жауапты Академияның барлық қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып бітіруші кафедралардың меңгерушілері, ғылыми жетекшілер және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің (бұдан әрі – ФКДБ) басшысы табылады.
5. Осы ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және басқа Тараптарға берілмейді, тек менеджмент жүйелеріне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларына, сондай-ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талап етуі бойынша) Академия Ректорының рұқсатымен ұсынылады. Онымен танысу Академияның ішкі ақпараттық ресурсында орналастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-11

2 Белгілер мен қысқартулар

МҒЗЖ – магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде өз бетінше ғылыми зерттеу жүргізу, ғылыми тағылымдамадан өту, ғылыми жарияланымдар дайындау және магистрлік диссертация орындау.

МЭЗЖ – магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы, оның ішінде өз бетінше шығармашылық зерттеу жүргізу, тағылымдамадан өту, магистрлік жобаны орындау.

ЖЖЖ – магистранттың жеке жұмыс жоспары.

ҒКДБ – Ғылыми кадрларды даярлау бөлімі.

3 Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру

6. МҒЗЖ және МЭЗЖ өткізу жұмыстарын Академияның бітіруші кафедралары ұйымдастырады.

7. Магистрант қабылданғаннан кейін екі ай ішінде Академия ректорының бұйрығымен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбы бекітіледі және ғылыми жетекші тағайындалады. Диссертациялық және шығармашылық зерттеулердің тақырыптары бітіруші кафедралар жүзеге асыратын ғылыми және шығармашылық зерттеулердің тақырыптарына сәйкес келуі керек. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы) нәтижелерін ескере отырып, магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын түзетуге жол беріледі. Жасалған ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер шеңберінде бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын іске асыру бойынша Академияның серіктестері болып табылатын ғылыми-зерттеу ұйымдары мен ғылыми орталықтардың жетекші ғалым-қызметкерлерін магистранттардың ғылыми жетекшілері етіп тағайындауға болады.

8. Магистрлік диссертациялар мен жобалардың ғылыми жетекшілері кафедраларда, факультеттерде қаралады, Академияның Ғылыми кеңесімен бекітіліп, ректордың бұйрығымен ресімделеді.

9. Факультеттің Ғылыми кеңесінің қарауы үшін бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкес келетін магистранттардың ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын уақтылы ұсынуға магистранттарды даярлау базасы болып табылатын бітіруші кафедралардың меңгерушілері жауапты болады.

10. Магистрлік диссертацияларға ғылыми жетекшілік ету жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-11

қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 23-тармағының, 23.1-тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады, ғылыми жетекшілікті Кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес ғылыми дәрежесі және (немесе) PhD философия докторы/бейіні бойынша докторы (академиялық) дәрежесі бар, кемінде 3 (үш) жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми жарияланымдар тізбесіне (бұдан әрі - Жарияланымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың және JCR (ZhSR) бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded дерекқорларының (Science Citation Index Expanded), Social Science Citation Index (Social) бірінде индекстелген Web of Science Core Collection (Web of Science Core Collection) ішіндегі Science Citation Index) немесе Arts and Humanities Citation Index (Arts End Humanities Citation Index) немесе Scopus дерекқорындағы CiteScore пайыздық ұпайы кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланған ғылыми журналда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 1 (бір) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушы жүзеге асырады.

11. Магистрлік диссертация/жоба тақырыбының дайындық деңгейі мен бейініне сәйкес келмегеніне ғылыми жетекші жауапты болады.

12. 23-тармақтың 23.3-тармақшасына сәйкес, білім алушылардың эксперименттік-зерттеу жұмысына (жобаларына) басшылықты ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми жарияланымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың авторы болып табылатын тиісті бейіндегі оқытушы және (немесе) соңғы 10 (он) жылдың ішінде кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс өтілі бар тиісті бейіндегі мамандар жүргізе алады.

13. Пәнаралық жоғары дәрежеде ерекшеленетін магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде зерттеудің қолданбалы және эксперименттік компоненттерін іске асыруды, мамандандырылған ресурстар мен зертханаларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін, сондай-ақ жұмыс нәтижелерін енгізуге жәрдемдесетін қосалқы жетекшіні тартуға жол беріледі.

4 Магистранттың жеке жоспары

14. Магистранттар ғылыми жетекшінің басшылығымен оқудың алғашқы 2

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 7-11

айында келесі бөлімдерді қамтитын жеке жұмыс жоспарларын әзірлейді және бекітеді:

- барлық оқу кезеңіне арналған Жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімдері және есеп беру нысаны);
- практика (бағдарлама, база, мерзімдер және есеп беру нысаны);
- негіздемесі мен құрылымы бар магистрлік диссертация/магистрлік жоба тақырыбы;
- магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- ғылыми жарияланымдар, тағылымдамалар жоспары;
- қорытынды аттестаттау нысандары.

15. Ғылыми жетекшілер магистранттардың жеке жұмыс жоспарларын әзірлеуге және бекітуге қатысады, олардың оқу, ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жібереді және магистранттардың жеке жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін уақтылы сапалы орындауына жауапты болады.

16. Магистранттардың ғылыми жетекшілері жылына кемінде екі рет магистрантты МҒЗЖ есебіне дайындайды, қажет болған жағдайда оның жеке жұмыс жоспарына түзетулер енгізеді және тиісті ақпаратты бітіруші кафедралардың, факультет деканатының, ҒКДБ-ның назарына жеткізеді.

17. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың ғылыми жарияланымдарының жоспарында жарияланымдардың болжамды тақырыбы, жұмыстарды жариялау жоспарланып отырған ғылыми басылымдардың атаулары, жарияланымдармен жұмыс істеу мерзімдері қамтылуға тиіс, атап айтқанда: оқудың бірінші жылының соңында бір мақала, ал оқудың екінші жылының ҒЗЖ соңғы есебіне - екінші мақала жариялануы тиіс.

18. Білім алушының ғылыми тағылымдама жоспарында мақсаттары мен міндеттері көрсетілген кеңейтілген тағылымдама бағдарламасы, тағылымдама базасының сипаттамасы, тағылымдаманы өткізу мерзімдері және есептілік нысаны қамтылуға тиіс.

19. Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларын ғылыми жұмыс жөніндегі проректор бекітеді және екі данада етіп толтырады. Академиялық қызмет мониторингін ұйымдастыру мақсатында магистранттың толтырылған жеке жұмыс жоспары бітіруші кафедрада, магистранттың жеке ісінде (ҒКДБ) сақталады.

20. Қажет болған жағдайда магистранттың жеке жоспары ғылыми жетекшінің

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	27.02.2026 ж.
		Бет 8-11

келісімі бойынша жыл сайын нақтылануы және қайта бекітілуі мүмкін.

5 Үйлестіру және бақылау

21. Магистранттардың ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ғылыми-педагогикалық кадрлармен, қажетті ғылыми-әдістемелік және практикалық базалармен қамтамасыз етілген бітіруші кафедраларда жүзеге асырылады.

22. Магистранттың зерттеу жұмысы пәнаралық тақырыптар мен тиісті жағдайлар болған кезде факультетаралық деңгейде орындалуы мүмкін.

23. Магистранттарды даярлауды жүзеге асыратын бітіруші кафедралардың құзыретті мамандардың білім алушыларға ғылыми жетекшілік ету және кеңес беруі үшін жетекші шетелдік және отандық аккредиттелген оқу-ғылыми, мәдени мекемелермен, ғылыми және шығармашылық орталықтармен, халықаралық кәсіби қауымдастықтармен және ассоциациялармен ғылыми-білім беру байланыстары болуы тиіс, олар ғылыми-зерттеу, сараптамалық-практикалық және шығармашылық қызмет үшін жоғары білікті мамандарды даярлаудың озық тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді.

24. Бітіруші кафедралар магистранттар жүзеге асыратын жобалық және диссертациялық зерттеулер тақырыбының кафедра мен факультеттің ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу қызметінің бағыттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі, магистранттарды бітіруші кафедралар орындайтын ғылыми және шығармашылық жобаларға қатысуға тартуы тиіс.

25. МҒЗЖ / МЭЗЖ нәтижелерін аралық аттестаттау әр семестрдің соңында ғылыми жетекшінің қатысуымен бітіруші кафедраның отырысында өткізіледі. Қорытынды бағаны магистрантқа бітіруші кафедра мүшелері алқалы түрде қояды. Магистранттардың зерттеу жұмыстарының түрлерін үйлестіруді бітіруші кафедралар жүзеге асырады.

26. Бітіруші кафедралар магистранттардың зерттеу жұмыстарын қажетті зертханалық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етуге және жүргізіліп жатқан зерттеу, жобалау жұмыстарын үздіксіз ағымдағы бақылауға жауапты болады. Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

27. Магистранттың ғылыми-зерттеу және жобалау жұмысының процестерін ҒКДБ тарапынан үйлестіру және бақылау мыналарды қамтиды:

- тағайындалатын ғылыми жетекшілердің (қосалқы жетекшілердің)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		П 017-1.106-2026
			27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 9-11

белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін сараптау;

- тақырыптар мен магистранттардың ғылыми жетекшілерін бекіту бойынша бұйрықтар дайындау;

- магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының жеке жоспарын (ғылыми нәтижелерді жариялау, диссертация дайындау) және магистрлік жобаны орындауына мониторинг жүргізу;

- магистранттар мен ғылыми жетекшілердің жұмысына мониторинг жүргізу;

- магистранттар жұмысының аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеуді және қорғауды қамтиды.









6 Қорытынды ережелер

28. Осы Ереженің талаптарын сақтауға бітіруші кафедралардың меңгерушілері мен ғылыми жетекшілері жауапты болады.

29. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар ҒКДБ ұсынуы бойынша енгізіледі, Академияның Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 10-11

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		Кульшанова А.А.
Келісілді:		
Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор		Халыков К.З.
Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы		Әбдірахман Г.Б.
Заң бөлімінің басшысы		Тлегенова О.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.
«Театр өнері» факультетінің деканы		Сарыбай М.Е.
«Кино және телевизия» факультетінің деканы		Бакеева М.К.
«Хореография» факультетінің деканы		Аухадиев И.Р.
«Музыкалық өнер» факультетінің деканы		Алпысбаева В.Н.
«Өнертану» факультетінің деканы		Маткерим Д.А.
«Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің деканы		Байділда Б.Н.
«Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының меңгерушісі		Молдашева А.К.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.106-2026
		27.02.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 11-11

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.	<i>AB</i>			
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				